



"Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 14 қараша N 1715

"Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесі" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі - "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ" РМК) 1994-1996 жылдары үкіметаралық хаттамалар шеңберінде Қырғыз Республикасынан, Өзбекстан Республикасынан, Түркіменстаннан, Тәжікстан Республикасынан алған электр энергиясы үшін несиелік берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ" РМК-ның 1994-1996 жылдары Қырғыз Республикасынан, Өзбекстан Республикасынан, Түркіменстаннан, Тәжікстан Республикасынан алған электр энергиясы үшін несиелік берешегін өтеу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан

Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен, "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ" РМК-мен және тиісті бюджеттік бағдарламалар әкімшілерімен бірлесе отырып, Жоспарды іске асыру үшін қажетті құжаттар тізбесін әзірлесін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Ә. Өтембаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 14 қарашадағы
N 1715 қаулысымен бекітілген

"Қазақстанэнерго" ҰЭЖ" РМК-ның 1994-1996 жылдары
Қырғыз Республикасынан, Өзбекстан Республикасынан,
Түркіменстаннан, Тәжікстан Республикасынан алған электр
энергиясы үшін несиелік берешегін өтеу жөніндегі

ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

р/с! N!	Іс-шаралар мазмұны !	! !	Орындаушы
------------	-------------------------	--------	-----------

- Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Қазақстан дебиторлардың құрылымын және олардың Республикасының тұтынылған электр энергиясы үшін таратушы Қаржы министрлігі желілік компаниялар мен басқа да энергетика кәсіпорындары алдындағы жалпы Қазақстан Республикасының қарызының сомасын анықтау Энергетика, индустрия және сауда министрлігі

"Қазақстанэнерго" ҰЭЖ"
РМК

Тиісті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері
- Қазақстан Республикасы шаруашылық Қазақстан Республикасының жүргізуші субъектілерінің республикалық Қаржы министрлігі бюджетке қарызын қарау және бюджеттік ұйымдарымен "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ" РМК Қазақстан Республикасының арқылы есепке алу жолымен өтеу Мемлекеттік кіріс министрлігі
- Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ таратушы электр желісі компанияларымен РМК және дебиторларымен борыштарды аудару туралы келісімдер жасасу
- Республикалық бюджетке салықтар мен "Қазақстанэнерго" міндетті төлемдер бойынша, жасалған ҰЭЖ" РМК жекелеген шарттар бойынша қарызы бар Қазақстан Республикасының шаруашылық жүргізуші субъектілері арқылы "Қазақстанэнерго" ҰЭЖ" РМК сыртқы берушілері (несиегерлері) мекен-жайына көмір, электр энергиясын және

тауар-материалдық құндылықтар жіберіп
тұру

Мамандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК